



Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (латын әріпіне көшу)

Орындаған: Нәсіпбек Қайрулла
(ФМО 101 тобы)

Жоспар:



Кіріспе

- Халықтың үлкен өнертабыстарының бірі – жазу. Жазу қоғамның жинап-түйген тәжірибесінің бәрін бір жерге шоғырландырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беруге мүмкіндік береді. Жазу ұлттық кодтарды қалыптастырып, қарым-қатынас жасаудың уақыттық және кеңістіктік шектеулерін жояды. Өзінің дамуы барысында қазақ тілі нақты 21 тарихи кезеңнің талаптарына бейімделе отырып, жазуын бірнеше рет өзгертті
- 1929 жылдан бастап Қазақстан аумағында жаңа, латынға бейімделген әліпби – «Бірыңғай түркі әліпбиі» пайда болды. Латын жазуына негізделген бұл жазу 1939 жылға дейін қолданылып, 11 жылдан кейін латын жазуының орнына кирилл әліпбиі келді. 1940 жылы «Латын жазуына бейімделген қазақ жазуын орыс жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды.

Жобаның мақсаты

- Осыдан келіп туындайтын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не себепті 900 жыл бойы пайдаланған арабтың жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?»
- Бұған жауап – әлемнің жаһандану үдерісіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды, жаңа технологиямен және де сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Еліміздің жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлендіру, ғаламторды пайдалану, еуропалық сапаға ұмтылуы – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз әрі біртіндеп тартып келеді.

Жобаның өзектілігі

- Заманауи озық технологиялар, әлемдік соңғы үлгідегі техника, маркетинг, компьютер қызметтері толықтай латын тілінде болғандықтан, қазақ тілін латын алфавитіне аударса реформалауға мүмкіндік туады.
- Шетелдік компаниялар өз қызметкерлерінің қазақ тілін үйренуіне жағдай жасауда, осы ретте шетелдіктердің латын қарпі арқылы үйренуі оңай екендікі даусыз
- Туризм саласына үлкен серпіліс береді
- ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктерін толыққанды игере алу

Жобаның хронологиясы

- ✓ 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау
- ✓ 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді оқытатын кадрлар даярлау мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлауды бастау
- ✓ Қазақ тілін латын қарпіне көшірудің нақты кестесін әзірлеу
- ✓ 2025 жылдан бастап іс қағаздарын латын қарпінде жүргізу, мерзімді баспасөзді, оқулықтар мен басқа басылымдардың барлығын латын қарпінде жариялау

QAZAQ-TILI

Қорытынды

Қорыта келгенде, латын әліпбиіне көшу-ұлтымыздың санасын бұғаудан босатады, түркі және жаһандық әлемімен ықпалдасуға, қазақ халқы ертеден қолданған әліпбиімізге қайта оралып, ұлттық санамыздың қайта жаңғыруына жол ашады деп сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Қазақ әдебиеті(энциклопедия)
- <http://e-history.kz/kz>
- <http://www.qamshy.kz>
- <https://egemen.kz/>

Назарларыңызға рахмет!



Q q q q f
U U D_h z
D_h z
P P R_s Y_M
z VA' e k J
m U p